

Жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 30 шілдедегі N 362. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.08.26. N 162 өкімімен. ~R980162

"Қазақстан Республикасын мекендейтін немістердің этникалық өркендеуінің кешенді бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 қазандағы N 1040 P931040_ қаулысын жүзеге асыру, шаруашылық бастамаларын, жеке кәсіпкерлікті,

шағын және орташа бизнесті кең түрде дамытуға жағдайлар туғызу, сондай-ақ республиканың неміс халқы арасында көші-қон процесін азайту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Қазақстан Республикасындағы неміс диаспорасының экономикалық даму шараларын жасау жөніндегі жұмыс тобын мынадай құрамда құру туралы ұсынысы қабылдансын:

Штойк Г.Г. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші

Шүкеев Ө.С. - Қазақстан Республикасының Экономика министрі, жетекшінің орынбасары

Алесин В.И. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Баймағамбетов С.З. - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі

Бәйменов А.М. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің бірінші орынбасары

- Дедерер А.Ф. - Қазақстан немістері кеңесінің
төрағасы /келісім бойынша/
- Жұмабаев А.Ж. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп
және сауда министрінің орынбасары
- Ізтілеуов Б.І. - Қазақстан Республикасы мемлекеттік
Экспорт-импорт банкі басқармасының
төрағасы
- Кист В.Э. - Қарағанды облыстық "Возрождение"
қоғамының төрағасы /келісім бойынша/
- Ким Г.В. - Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты
жөніндегі мемлекеттік комитетінің
төрағасы
- Ренде А.К. - Ақмола облыстық "Возрождение" қоғамының
төрағасы /келісім бойынша/
- Сыщиков В.В. - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі жанындағы Шетел капиталын
пайдалану жөніндегі комитет төрағасының
орынбасары
- Утепов Э.К. - Қазақстан Республикасы Жекешелендіру
жөніндегі мемлекеттік комитетінің
төрағасы
- Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының орынбасары
- Шуховцев А.И. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрінің орынбасары

2. Жұмыс тобына:

Қазақстанда тұратын немістерді экономикалық қолдау саласында қазақстан-герман қатынастарын тереңдету жөнінде екі жақты келіссөздер жүргізу;

"Қазақстандағы неміс диаспорасын экономикалық дамыту" туралы тұжырымдама мен бағдарламаның жобаларын әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу;

осы бағдарлама шеңберінде жобалар тізбесін пысықтау тапсырылсын.

3. Осы өкімді іске асыруға бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөліміне жүктелсін.

Премьер-Министр